products of specific contact scenes and the institutional context of the journey rather than the result of a mechanical reproduction of stereotypical racial classifications.

Keywords: Stefano Sommier, travelogue, imagology, colonialism, imperial infrastructure, positivism, Umbertine Italy.

Авторлар туралы мәліметтер

Алексеева Сарбиназ Павловна – кіші ғылыми қызметкер, Горно-Алтай мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы, Алтай Республикасы, Горно-Алтайск, e-mail: sarbinaz.eisengrain@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0006-6296-8895.

Дюсекенев Дамир Нурулланович* – PhD, Әлихан Бөкейхан университеті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: dyusekenev81@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0000-4821-3636.

Сведения об авторах

Алексеева Сарбиназ Павловна – младший научный сотрудник, Горно-Алтайский государственный университет, Российская Федерация, Республика Алтай, г. Горно-Алтайск, e-mail: sarbinaz.eisengrain@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0006-6296-8895.

Дюсекенев Дамир Нурулланович* – PhD, Alikhan Bokeikhan University, Республика Казахстан, г.Семей, e-mail: dyusekenev81@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0000-4821-3636.

Information about the authors

Sarbinaz Alekseeva – Junior Research Fellow, Gorno-Altaisk State University (1 Lenkina St., Gorno-Altaisk, Altai Republic, 649000, Russian Federation). Tel.: +7 (38822) 2-64-39. E-mail: sarbinaz.eisengrain@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0006-6296-8895.

Damir Dyussekenev* – PhD, Alikhan Bokeikhan University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: dyusekenev81@mail.ru,ORCID: https://orcid.org/0009-0000-4821-3636.

Поступила в редакцию 25.07.2026
Принята к публикации 29.09.2026

https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-3(7)-12
ҒТАМР: 17.01.09

Б.А. Ердембеков[1], А.Т. Смагулова[2*], О. Сөйлемез[3]
[1,2]Шәкәрім университеті,
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А
[3]Kastamonu University,
37150, Түркия, Кастамону қ., генерал Атилла Атыш Паша даңғылы, 19
*ORCID: 0000-0002-7509-7025
*e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ ЖӘНЕ ЕҢЛІК-КЕБЕК СЮЖЕТІНІҢ КӨРКЕМДІК ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетіндегі Еңлік пен Кебек тақырыбының қалыптасуы мен көркемдік даму тарихы Абай және оның ақындық мектебі аясында қарастырылады. Зерттеудің негізгі нысаны – Еңлік-Кебек оқиғасына байланысты XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жазылған прозалық және поэзиялық шығармалардың өзара сабақтастығы, олардың сюжеттік, идеялық және көркемдік ерекшеліктері. Атап айтқанда, 1892 жылы «Дала уалаятының газетінде» «Ұмтылған» («Мұтылған») бүркеншік атымен жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» әңгімесі, 1900 жылы жарық көрген «Қазақ турасынан хикая», Мағауия Абайұлының «Еңлік-Кебек» поэмасы, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза яки кез болған іс» және «Қалқаман-Мамыр» дастандары, М.Әуезовтің осы тақырыпқа арналған драмалық шығармасы

салыстырмалы тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында шығармалардың мәтіндік нұсқалары, тілдік және стильдік ерекшеліктері, авторлық позициялары мен кейіпкерлерді сомдау тәсілдері сараланады.

Зерттеу нәтижесінде Еңлік-Кебек оқиғасының бір ғана тарихи сюжет шеңберінде қалмай, Абай айналасындағы шығармашылық ортада әртүрлі жанрлық және көркемдік интерпретацияларға ие болғаны анықталады. 1892 жылғы әңгіменің авторлығы жөніндегі пікірлер салыстырылып, оның Халиолладан бастау алып, Абай тарапынан көркемдік өңдеуден өтуі мүмкін деген тұжырым негізделеді. Мағауия мен Шәкәрім шығармаларындағы оқиға, кейіпкерлер және билер бейнесінің берілу ерекшеліктері салыстырылып, екі ақынның авторлық ұстанымдарының айырмашылығы айқындалады. Мағауия Еңлік пен Кебектің трагедиясын махаббат пен адамгершілік тұрғысынан бейнелесе, Шәкәрім оқиғаның әлеуметтік, тарихи және дәстүрлік себептерін кеңінен ашып көрсетеді. Сонымен бірге М.Әуезов шығармашылығында осы сюжеттің жаңа жанрлық деңгейде жалғасқаны көрсетіледі. Зерттеу Еңлік-Кебек тақырыбының Абай мектебіндегі шығармашылық сабақтастық пен көркемдік ізденістерді танудағы маңызды ғылыми нысан екенін дәлелдейді.

Тірек сөздер: Абай, Еңлік-Кебек, Шәкәрім, Мағауия, поэма, әдеби дәстүр, ақындық мектеп.

Кіріспе

Ш. Құдайбердіұлының поэмалары туралы зерттеушілер бүгінгі таңға дейін аз пікір айтпағаны белгілі. Десек те, бұл туындылар жайында әлі де індете қарастыратын түйткілді мәселелер жеткілікті. Шәкәрімнің салмақты шығармасының бірі – «Жолсыз жаза» дастаны десек, бұл дастанның жазылу тарихы кеңірек сөз қозғауды қажет етеді. Еңлік пен Кебектің оқиғасы ел арасына үлкен лаң әкелген, қазақтың өз ішінде некен-саяқ болатын ірі руаралық қақтығыстармен ерекшеленіп тарихтан орын алды.

Қалмақпен соғысып, атыс-шабыстан зәрезап болған ел мен сол елдің тізгінін ұстаған топ екі ру арасындағы тұтанғалы келе жатқан шапқыншылықтың алдын алып, ата жолын аттаған екі боздаққа қатал үкім шығарды. Шабысқалы келген екі ел басылып, Тобықтының батыры – Кебек пен Матайдың сұлуы – Еңлік бейбіт өмірдің құрбандығы болады. Қос мұңлықтың қайғылы тағдыры ел аузында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа аңыз боп жетті.

Еңлік пен Кебек оқиғасына байланысты әртүрлі жанрда қазақ тілінде хатқа түскен бес көркем шығарманың жазылуының өзі бұл оқиғаның халық арасындағы салмағын байқатқандай. Тамыры Абайдан тарап, әр жанрда ақындық айналасында жапырақ жайған Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр тақырыбы Абай және оның ақындық мектебінің шығармашылық бірлігі мен идеялық үндестігін айқындайтын маңызды ғылыми нысан.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының негізгі материалдары ретінде 1892 жылы «Дала уалаятының газетінде» (№29-40) «Ұмтылған» деген бүркеншік атпен жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» әңгімесі, 1900 жылғы «Дала уалаятының газетінде» басылған «Қазақ турасынан хикая», Мағауия Абайұлының «Еңлік-Кебек» поэмасы, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза яки кез болған іс» (1912 ж. Семей, «Жәрдем» баспасы), «Қалқаман-Мамыр», «Қодардың өлімі» дастандары, М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы мен осы тақырыпқа қатысты текстологиялық әрі тарихи-әдеби мұрағаттық деректер алынды.

Мақалада салыстырмалы-тарихи, текстологиялық сараптау, герменевтикалық және тарихи-функционалдық талдау әдістері қолданылды. Қолжазбалар мен баспасөз нұсқаларының тілдік, стильдік ерекшеліктері, авторлық позиция мен кейіпкерлер мінезін сомдаудағы айырмашылықтар өзара салыстырыла отырып, шығармалардың генезисі мен сабақтастығы сараланды.

Нәтижелер және талқылау

«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 жылы «Дала уалаятының газетінің» он санында «Ұмтылған» деген бүркеншік атпен жарияланды.. «Ұмтылған», яғни «Мұтылған» – Шәкәрімнің бүркеншік есімі. Сондықтан да, бұл әңгімені бірауыздан Шәкәрімнің шығармасы деп қабылдауға болады. Бірақ жазушы М. Мағауиннің айтуынша бұл шығарма – Шәкәрімдікі емес, Абайдікі [1]. Мағауиннің дәлелдері де қисынды. Әңгіменің жазылу стилінен Шәкәрімге қарағанда Абайға жақын сөз саптау, суреттеу мен портреттеулердің үлгісін ұсынған зерттеуші сараптаулары құптарлық. Десек те, Мағауин салыстырған аталмыш әңгіме мен Абай прозасының арасындағы ұқсастықтардың өзі мынау

Абайдікі дейтін дәлелдер емес. Дәл сол стильдің маңайында әңгіме қылсақ, Мағауин Абай сөзіне жақын деп алған мысалдан келтірейік: «Енді бұрынғыны айтып отырған қарттар байқай ма екен, бұрын күннің жылы болатыны – сол замандағы орман-ағаштың көптігінен екенін», – деген сияқты үлгіде сөз жазу Шәкәрім стилінен алыс екені рас. Солай бола тұрғанмен, осы үлгіде сөйлеу, яки сөйлем құрау тек Абай емес, сол уақыттағы қалам иелерінің көбіне тән. Алысқа бармай-ақ, «Дала уалаяты газетінің» сол санына шыққан келесі бір мақаладан үзінді келтірейік: «Бұрынғы заманда Тарбағатай тауынан Алатауда, Балқаш пенен Алакөл арасында жайлап жүреді екен Қарабай, Сарыбай деген екі бай» немесе, «Бәрінен де қоймаған Қодар құлға тиюді Баян сұлу жек көретін еді, әрі жүріп тұрып қоймастан өзін аламын деп ұмтылғаны үшін» [2]. Баспасөздегі әңгіме мен Абай тілінің ерекшелігіне назар аударғанда тағы бір байқағанымыз, әңгімеде «Мәзікүр» сөзі бірнеше жерде қолданылады. Абай шығармаларында бұл сөз кездеспейді. Абай шығармаларында есімшенің ескірген формасы -тұғын тұлғасымен келетін сөздер көп кездессе, «Дала уалаятының газетінде» басылған әңгімеде мұндай сөздер есімшенің қазіргі қолданыстағы -атын, -етін, -йтін формасында келеді. Мысалы, Абай қарасөзіне үңілсек: «Уа ләкин, кім де кім иман неше нәрсе бірлән кәмеләт *табатұғынын* уа неше жерден *бұзылатұғынын* білмей, басына шалма орап, бірәдәр атын көріп, рузашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың берлей тұрып жартысын салғанға ұқсайды», – делінсе, газеттегі әңгімеде: «Сол себептен үйінде отыра алмай, қайратына шыдай алмай Абыз, яғни білімді, сәуегей Нысан дегенге жөнеліпті, өзінің қандай *болатынын* сұрауға... Нысан көп *сөйлемейтін*, түсі суық, қарт кісі екен», – деп келеді. Демек, әңгімені Абайға арта салу сәл ертерек сияқты.

М. Мағауин «Абайдың белгісіз әңгімесі» деген мақаласында бұл әңгімені Абай шығармасы деп танығанмен, бұл жаңалықты не қостап, не қарсы болып жақ ашқан әдебиет зерттеушілері болмады. Зерттеушінің осы мақаласы «Абай» энциклопедиясына енді. Демек, абайтанушы қауым үн-түнсіз болса да аталған шығарманы Абайдың әңгімесі деп қабылдаған сыңайлы.

Көркем шығарманың сыртқы пішіні, оқиға ауаны Шәкәрімге жақын тақырыптар. Әңгімеде сөз болатын Еңлік пен Кебек, Қалқаман мен Мамыр – кейіннен Шәкәрім дастан етіп жазған дүниелер. Солай бола тұрса да шығарманың ішкі мазмұнына, көркемдік ерекшелігіне үңілгенде Абайға жақын штрихтарды байқамау мүмкін емес. Шығарманы дәлелдей келе қорыта айтқан М. Мағауиннің: «...хикая ешқандай даусыз Абайға ғана тиесілі шығарма екенін қайталап айтқымыз келеді. Сонымен қатар, бұл – жабайы ақпар, қарадүрсін мақала емес, бас-аяғы бүтін, артық-ауыс мүшесі жоқ, машықты, шебер прозашының қолынан шыққан, ұлы Абай атына лайық туынды екеніне куәлік береміз» [1], – деген қорытындыға келген мақала авторы бұл туындыны анық Абайдікі ете алмағанымен, оған кемеңгер ақынның тікелей қатысын аңғартатын дәлелдер келтіруімен құнды.

Баспасөз бетінде бұл оқиғаға байланысты ел аузынан алынған «Қазақ турасынан хикая» [3] деген атпен осы әңгіменің тағы бір нұсқасы басылды. Мұнда батыр – Сергелі, қыз – Қаңлық, абыз – Келдей, Тоқтамыс – Бесқабан, Кеңгірбай – Шалпақ деп өзгергені болмаса оқиға желісі бір, кей тұстар сөзбе-сөз келіп отырады. Ғалым Ш. Сәтбаева екі әңгімені де Шәкәрімге телиді [4]. Сондай ұқсастықтары бола тұрғанмен кейінгі басылған әңгімеде тілдік жұтаңдық, баяндауда қарадүрсіндік бар. Авторы белгісіз. Сол белгісіз автор әңгіме кіріспесінде Кебеков дегеннен жазып алғанын айтады. Бұл «Кебектің ұрпағынан, сол елдің адамынан алынған» деген сияқты мағынаны білдірсе керек.

Бір ескеретіні осы екі әңгіме де баспасөзде алдымен орыс тілінде жарық көрген. «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» әңгімесінің орысша нұсқасының соңында «Сибирский вестник» газетінен алынып басылғандығы айтылса [5], «Қазақ турасынан хикая» орыстың «Природа и люди» журналынан алынғандығы көрсетілген [5]. Бұл Еңлік пен Кебек оқиғасының орыс оқырмандарының да қызығушылығын оятқанын аңғартады. Ал, осы еңбектерді орыс тілінде кім баспаға ұсынған деген мәселеге келсек, Ә. Марғұланның деректері бұл әңгімелерді Абайдың орысша оқыған інісі Халиоллаға меншіктейді: «Кадет корпусының соңғы екі класында оқып жүріп, Халиолла Н.Ф. Костылецкийге қазақ тілінен

көп сөздер жазып береді, оларды әрі қазақ тілінде аударып жазады. Оның ішінде «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Есім ханның ескі жолы», «Қазақ билерінің ерте кездегі шешімдері» тағы басқалары бар... XIX ғасырдың 90-жылдары Халиолланың жазулары Н.М. Ядринцевті, Н.И. Наумовты, Н.Н. Максимовты қатты толғандырды. Олардың ортасынан Н.И. Наумов пен Н.Н. Максимов «Дала уалаяты» газетіне хат жазып, Халиолланың жазуларын Омбыға жіберсе деп сұрады. «Еңлік-Кебектің» ғажайып әңгімесін Н.И.Наумов «Сибирь» газетіне басып шығарды, тағы Ақмола облысының газетіне шығарды (1892). Халиолланың көп жазулары Н.Н. Максимовтың архивінде сақтаулы» [6], – деген пікіріне сүйенсек жоғарыдағы екі әңгімеге де Халиолланың да қатысы бар. Қатысы болғанда ел ішіндегі осындай аңыз-әңгімелерді жинап, орыс оқымыстыларын таныстырған адамның бірі – Халиолла. Демек, Еңлік-Кебек оқиғасының алдымен орыс басылымдарында жарық көруі Халиолланың еншісінде. Ал, сюжеті жағынан бір-біріне ұқсас, бірақ жазылу машығы екі бөлек қос әңгімені бір Халиолла жазды деу қисынға келмейді. Алғашында бұл аңызды хатқа түсіруші Халиолла да, кейіннен 1892 жылғысы Абай өңдеуінен өткен сияқты. Өйткені, бұл нұсқаның тілі көркемдік құралдардан, әсіресе адам портретін жасау детальдарынан да жадау емес. Бірер мысал: «Ұзын бойлы, ақ киіктей, шашы қарғаның қанатындай қара, маңдайы жазық, көзі қара һәм өткір» Еңлік, «Түсі суық, қарт кісі» Нысан абыз портреттері – сол заманның жазуларында кездесе бермейтін көріктеулер. Кебектің толғанысы: «Маңайына қараса, биік жартас, қалың орман ағаш һәм сарқырап ағып жатқан бұлақ дейді. Сонда Кебек батыр ойлады дейді – менің ғұмырым да осы дүниемен бірдей-ау, – деп. Мына жартас болса бір қалыппенен тратын дүние, самсап тұрған орман өткен ғұмырға ұқсас, ағып жатқан су – өтіп бара жатқан ғұмыр ғой, – деп». Кейіпкердің ішкі көңіл-күйі психологиялық егіздеу арқылы шебер жеткізілген. Ол кездегі қазақ прозасына жат болған мұндай үлгілерді қазақ поэзиясына пейзаждық лириканы әкелген Абайға ғана телуге болады.

Н.И. Наумов сияқты орыс зиялылары «Қазақ туралы хикая» деген әңгімесін «Природа и люди» журналына басты делік. 1900 жылы орыс журналынан алынды деген осы әңгіменің басында Халиолла өмірінен елес беретін төмендегідей жолдарды оқуға болады: «...менің қызметімнің өзі де жүріп тұру, бір жерден бір жерге көшіп жүруге лайықты еді. Жай қызмет арасында істейтұғын емес еді. Соның үшін құмар боп жүрген маған әрдайым кез кеп тұрды. Естуге қазақ турадарынан әртүрлі хабарлар, хикаяларды тұрмыс халдері турасынан», – деген сөздер әскери қызмет бабымен бір арада тұрақтамаған, соны пайдаланып ел арасындағы аңыз-әңгімелерді жинаушы Халелдің қарекетін аңғартады. Дәл осы әңгіменің бір нұсқасы Абай қолында қалуы мүмкін. Өйткені, Хелел өлгенде барлық кітап-қағаздарын Абай алған. Абай Халиолланың жазғанын өңдеуден өткізіп, Шәкәрім арқылы баспаға ұсынды деген болжам жасауға болады. Екі әңгімені салыстырғанда Абайдікі делінетін нұсқаға аса сауатты біреудің араласқаны бірден байқалады. Дәл осы нұсқадағы Тимучиннің Шыңғыс тауларына келіп Шыңғыс хан атануы, хан көтерген биік – Хан биігі, Орда тауы – ханның ордасы болғандығы туралы аңыздар «Қазақ турасынан хикаяда» жоқ. Ол – заңды да. Себебі, Халиолланың Шыңғыс туралы аңызы «Қазақ аңызы» деген атпен орыстың басқа басылымында бөлек басылған-ды [7]. Халиолланың: «В 160 км к югу возвышаются горы Чингистау. Эти горы определяются долиной от стоящих горных груп Орда, Догалан и Чунай. Почти посередине горного Чингистау возвышается отдельная гора под именем «Кхан». Об этих местах сохранилась у кайсаков следущие придание», деп (сонда) жалғасатын сөз саптаулары 1892 жылғы нұсқада Абай қаламымен өңделген деген болжам айтамыз.

Енді, Абай мен Халиолланың ортақ туындысы саналатын әңгіменің соңында Ұмтылған (дұрысы – Мұтылған) есіміне қатысты мәселенің басын ашып алу керек сияқты.

М. Мағауиннің осы лақап атқа қатысты: «1892 жылы отыз төрт жасқа жаңа шыққан Шәкәрімнен гөрі, сөз өнерінің асқар биігіне жеткен, алайда «қалың елі – қазағына» әлі таныла алмай, тар қапаста күңіреніп отырған Абайға көбірек үйлеседі» [1], – деген болжамы шындыққа жанаса қоймайтын сияқты. Әңгіме Абай мен Халиоллаға ортақ десек, Шәкәрімнің бүркеншік есімінің тұруына себеп не? Бұған бірнеше ой-барлау жүргізуге болады. Жазған

шығармаларын өз атынан жариялауы – Абайдың машықты ісі болғандығы белгілі. Оның түрлі себептері де болған. 1889 жылы «Дала уалаятының газетіне» «Жаз», «Болыс болдым мінеки» деген өлеңдері шәкірті Көкбайдың атынан берілсе, Коншиннің жариялауы бойынша шыққан «Орта жүз қазақтарының рулары туралы» шежірені де ел ішіндегі дау-дамайдан сақтанып, өз атынан бергізбеген. Ал, Еңлік пен Кебектің тағдыры тіпті ауыр. Ата дәстүрінен аттағандарды жазалап, әділ билік айтқан бір рулы елдің ұранына айналған Кеңгірбайға қарсы сөз айту ел ішінің жанжалына әкелетінін Абай жақсы білген. Кеңгірбай биді тым қатты сынап жіберген Мағауияның «Еңлік-Кебегін» тыңдап: «Көсем (Мағауия көсе болған), көселікке салған екенсің. Ел арасы бүлінеді. Жария етпе! – деп тыйым салып, қиссаны қайта жазуды Шәкәрімге тапсырған деген сөз сақталған» [8].

Халиолла да тарихи есімдерді өзгертіп беруінің басты себебі осы, ру арасының ушығып кетер қақтығысынан сақтанған. Тіпті, «Кебековтен жазып алдым» дегендегі Кебековтің өзі – Халиолланың ойдан алған кейіпкері, Кебектің ұрпағының аузынан естідім дегенге келтірген қисыны шығар. Бұдан шығатын қорытынды, Халиолла адамдардың атын өзгертіп берсе, Абай да өз нұсқасында авторлығын көрсетпеген. Шығарманың түп қазығы Халиолланікі болғандықтан Абай «Мұтылған» деген бүркеншік есіммен беруі мүмкін. Байыбына барып қарасақ, «Мұтылған» Абай мен Шәкәрімнен гөрі қыршынынан қиылған, жазған еңбектері сақталмай ұмыт болып бара жатқан Халиолла Өскенбайұлына келеді. Шәкәрім кейіннен арманына жетпей өмірден озған аяулы ағасына деген құрмет, інілік парыз есебінде өз шығармаларын осы атпен жариялауы ықтимал. Шәкәрімнің бүркеншік есімі дәл осы шығармадан бастау алды десек ше? Әрине, бұл болжам ғана. Қалай деген күнде де, Халиолладан қалған әңгіме-аңыздарды, тарихи шежірелерді қарап, сұрыптап, жарамдысын өңдеп баспаға дайындауда Абайдың қолқанаты болған Шәкәрім бұл тақырыпқа енді өзі ынтықты. Осы оқиғаға байланысты іле-шала екі поэма жазады.

Демек, «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген әңгімені алғашында ел аузынан жазып алған Халиолла да, Абай ол әңгімелерді көркемдік талаптарға сай етіп өңдеген. «Қазақ турасынан хикая» деген Халиолланың шығармасын Абай өңдеп, «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген біраз сөз» деген кейбір пікірлерде келтірілгендей «деректі очерк қана емес» [9], көркем әңгіме жазып қалдырады. Әрине, Абай заманындағы әңгімеге қойылатын талап пен бүгінгі әңгіменің талап-тілектің арасы жер мен көктей екенін де естен шығармауымыз керек. Шәкәрім осы әңгімелердің негізінде, Абайдың тапсырмасы бойынша «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» поэмаларын жазады. Кейіннен Әуезов бұл тақырыпқа пьеса жазып, 1917 жылы Әйгерім отауында алғашқылардың бірі болып қазақ театрының сахнасын ашты.

Тамыры Абайдан тарап, әр жанрда ақындық айналасында жапырақ жайған Еңлік пен Кебек оқиғасының бірнеше интерпретациялық үлгісін Абай және оның ақындық мектебінің аясында қарау – шығармашылық бірлік, тақырып ортақтастығы сияқты мәселелердің байыбын аша түсуге жетелейді. Абай айналасында бір тақырыптың бірнеше үлгідегі нұсқасын салыстыра зерттеуге кеңірек көңіл бөлуіміздің себебі Халиолла, Абайлардың қатысы бар, Мағауия, Шәкәрім поэма жазған, кейіннен М. Әуезов пьеса арнаған тарихи оқиғаның әр автордың көркемдік танымында көрініс беруін, шығармадағы ұқсастықтар мен даралық нақыштарды айқындау.

Абай тапсырмасымен Еңлік пен Кебек оқиғасын поэма еткен бірінші Мағауия болды. Мағауияның өз қолжазбасы сақталмаған. Дайырбай Қожанұлы деген М. Әуезовке тапсырған жалғыз қолжазба арқылы бізге жетіп отыр. Оның себебі түсінікті. Ел арасына тараған аңызды жырлауда Мағауия тарихи шындықты екі жастың жазықсыз құрбандығына апарып тірейді. Сол себептен Еңлік пен Кебек – қатыгез зорлықшыл топтың қолынан құрбан болған бәйкүнә жандар да, ал оған үкім шығарған Кеңгірбай – «іші қатты, залым би» болып сомдалған. Шығарманың басында:

Заманның ғаділетсіз надандығын,
Қозғады жүрек, тілім, сөйле мығым.

Баяғыны көксейді білімсіздер

Мінекей көрсетейін жамандығын, – деп, автор өз позициясын айқын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда Мағауияның поэмасы тарихи шығарма емес. Шәкәрім поэмасындағы сияқты оқиғаның нақты қай уақытта, қай жерде болғандығы туралы ақпарат та жоқ. Автордан тек:

Батыр Кебек қиссасын білуші едім

Көп кейіген жүрегім дейді шығар, – деген ақпар ғана аламыз. Тарихи оқиға бұл арада фон ғана. Сондықтан, бата бұзған екі жасты ақтадың, талай ұрпақ «Би ата» деп табынған Кеңгірбай биді қараладың деп кінә арта алмаймыз. Ақынның авторлық идеясы онсыз да өз заманында тұсалды. Мағауияның көркемдік шындығын сол кездегі қоғам қабылдай алмайтын еді. Соны байқаған Абай бұл шығарманың халыққа таралуына тиым салды. Абай тарапынан қабылданбаған туындының «кемшілігін» негізінен осы мәселеге қатысты деп танығанымыз жөн. Әйтпесе, Мағауияның «Еңлік-Кебегі» ақынның жас шағындағы алғашқы поэмасы бола тұрғанмен бәлендей сорлы шығарма емес. Абай шәкірттерінің ішінде сөзбен сурет сала білетін лирик ақын – осы Мағауия. Өлеңдерінен көңіл-күй әуені есіп, нәзік сезімнің сипаты байқалатын ақынның поэмасы да – екі жастың махабатын баяндайтын лироэпикалық шығарма. «Мағауия жазған «Еңлік-Кебекте» рушылдықтың белгісі де жоқ. Найман, Тобықты деп қарамайды, «халық» деген ұғым бар. Өз елінің – Тобықты ру басыларының Еңлік пен Кебекке қаталдығын Мағауия кешпейді» [10]. Жаратылысынан нәзік жанды ақынның екі жастың сезім-сырларын ақтарып, қайғылы тағдырына ортақтаса мұңға батуы да заңды. Абайдан бастау алып, жаңа белеске көтерілген қазақ лирикасын өз мәнінде жалғастыра алған Мағауияның «Еңлік-Кебек» поэмасында лирик ақынның атын ақтап алар көркемдік нысандар жетерлік. «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөзде» кездесетін портрет түрлері поэмада кемеліне келген:

Тіп-тік жауырын, нәзік бел, бұрымы ұзын,
Салмақпенен салады қара көзін.
Жауап берсе қалжыңға сондай ұста
Ешкім сөгер жан емес айтқан сөзін.
Биік қабақ, ақ сұрлау, қара қасты,
Тік маңдай, толық жүзді, қолаң шашты.
Қарауында бір түрлі реңі бар
Сынап, байқап қалатын жеңіл жасты.

Суретте Абай поэзиясының ізі байқалады. Тіпті, қыз портретін беруде сыртқы пішіні ғана емес, ішкі жан дүниесіне де бойлай аласыз. Ақылы мен көркі астасқан сұлудың киген киіміне дейін өзіне жарасымды. Дәл осындай портрет Шәкәрім поэмасына жат. Қыз бен жігіттің серт байласқан кезі поэмадағы лирикалық мотивті күшейте түседі.

... Қыраулатқан атпенен
Қысты күні желмекке.
Дүниеде тоқтау бар ма екен
Жарын іздеп келмекке.
... Сағымды қуып сандалып
Кетті күнің келмеске.
Суыған көңіл қозғалмас,
Жар сөзіне: «кел кешке»
... Жаралы болды жас жүрек

Бола ма енді сөнбеске, – деген сияқты автор монологындағы Абай сөз саптауының үлгісін байқамауға болмайды. Нағыз реалистік шығармаға жауап бола алады бұл жолдар. Мағауия Еңлік пен Кебектің оқиғасын өзінше өріп, адал махаббат иелерін жазықсыз өлімге қиған қазақтың салтын сынап көрсетуді мақсат етіп, лирикалық күйге толы ғашықтық поэмасын жазады.

Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты сөз етер болсақ, Мағауия поэмасындағы Еңлікке тіл қататын Кебектің өзі. Нағыз қазақтың ибалы қызы «Қойыңыз тоқтаталық шайтанға ермей», – деп алқынған жігіт көңілін тежейді. Қатты өтініп Қақпатасқа шақырған жігіттің сөзінен соң ғана Еңлік қыз «әрі-бері толықсып барып» жолығуға бел байлайды. Шәкәрімде керісінше, ұйықтап жатқан батырды қыз оятып мұңын шағады. Атастырылған күйеуінің ынжықтығын айтып Кебекке байлана түседі. Тіпті, «Қайда барсаң обалым жібермейді», – деп жігіттің алмасына амал қалдырмайтындай. «Соғысқа сылтау таба алмай отырған Матай мен Тобықтыны бүлдірмелік», – деген Кебектің секем сөзі де қызға тоқтау болмайды. Демек, Шәкәрімде бастаушы – қыз. Шыны керек бұл арада Мағауия қос ғашығының бейнесі моральдық жағынан биік тұр. Жігіттің қолқа салуы жарасымды. Сондай-ақ, Мағауияның Еңлігі – ұстамды, ұяң, алды-артын ойлайтын нағыз қазақтың ақылды үкілісі. Шәкәрімнің кейіпкері туралы ондай сөз айта алмаймыз. Әбден ашынған, не ашылған сұлу ғана бір көрген адамының мойнына оралады. Солай дей тұрғанмен Шәкәрім Еңлігінің ашынуына қортыққа күштеп қосақтаған қатал салт-дәстүр себепкер. Қазақтың өңі айналып, әбден жаман жағына асқынған әдет-салты Еңлікті өжет етеді. Қалай десек те, Шәкәрім поэмасында бәленің басы Еңлік қыздан болып тұр. «Шын сүйсең мені алып қаш, келер істі жалғыз-ақ Алла білер» деп Кебекті мәжбүрлегендей кейіпте сомдаған автор. Осылайша ақын ел тізгіні билердің қолында болған уақыттағы қазақтың салт-дәстүріне іш тартып, бата бұзған екі жасқа кінә артқандай болса, Мағауия керісінше Еңлік пен Кебекті жазықсыз жандар етіп көрсетеді. Екі ақынның авторлық позициясы екі басқа. Көркемдік шешім тұрғысынан келгенде екеуіне де дау айта алмайсың. Өйткені, бірі махабат тақырыбын негізгі өзек етіп лиро-эпикалық поэма жазса, екіншісі тарихи оқиғалардың негізінде тарихи-әлеуметтік поэманы ұсынды. Шәкәрімнің шығарманың басында тоқталатын тарихи оқиғалары жеке кейіпкерлердің трагедиялық күйіне қызмет етеді. М. Мағауиннің бұны «тарихи шығарма емес», – дейтіні де сондықтан. Тақырып бір болғанмен, екі автордың ұстанымы екі басқа. Шәкәрім Мағауияны қайталамаған. Шығарманың атының өзі «Жолсыз жаза яки кез болған іс» деп аталуында да көп мән жатыр.

Мағауияға қарағанда Шәкәрімнің поэмасы ел ішіне кеңінен тарады. 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан жеке кітап болып жарық көрді. Көп уақыт авторы ақталмаған поэманы ел арасында айтып жүрді. Тек, 1988 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан ақынның жинағында, «Жалын» баспасынан шыққан «Жолсыз жаза» жинағында жарық көрді. Дәл сол жылы «Жұлдыз» журналында шықса, 1990 жылғы ақынның «Рауан» баспасында қайыра басылған өлеңдер жинағында жарияланды [11]. Әртүрлі зерттеушілердің құрастыруымен жарық көрген Шәкәрім шығармаларының, соның ішінде «Жолсыз жаза» поэмасының текстологиясында сын көтермейтін кемшіліктер болды. Ақын жинақтарындағы текстологиялық ақаулықтарды тізіп көрсетіп, ол туралы дер кезінде мәселе көтерген ғалым Қ. Мұхамедханұлы болатын [12]. Қайымды қайталап, немесе ойын жалғап текстологияға талдау жүргізуді жөн көрмедік. Айтайық дегеніміз, қазіргі күнде М. Мағауиннің «Жұлдыз» журналына басқан нұсқасы текстологиялық жағынан тәуірі ретінде танылып отыр. Жарты ғасырдан артық атын атауға тиым салынған ақынның шығармаларын жарыққа шығарған зерттеуші қауымға ел алғысы шексіз. Десек те, Шәкәрімді тану, басқаға таныту бір күнмен, немесе бірер жылмен шектелмек емес. Енді аяқтана бастаған Шәкәрімді тану ғылымы ақын шығармаларының текстологиялық зерттеуден өткен толық шығармалар жинағының академиялық нұсқасын дайындаса, ақын мұрасының бір олқы тұсы бүтінделе түсер еді.

Мағауия шығармасына қарағанда Шәкәрім поэмасы мол пішілген. Махаббат трагедиясының маңайында қалып қоймай, замана кейпіне, өткен күннің тарихи оқиғаларына тәптіштей тоқталады. Жеке характерлердің шиеленіскен трагедиясы арқылы қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтардың бет-бедерін көрсете білген озық туынды. Еңлік пен Кебектің қайғылы хәліне себеп болған қоғамдық-әлеуметтік жағдайларды санамалап көрсетуінің ар жағында елдің тарихи шежіресін ұсыну да жоқ емес. «Қазақтың түп атасы» өлең-шежіресінде «Шежіремнің Еңлік-Кебек оқы бірін» деп ескертетіні бар. Негізгі оқиғаның

алдындағы тарихи ақпар махаббат табыстырған қос ғашықтың бірге болуына мұрсат бермейтін бөгеттерді алдын-ала сипаттайды. Қалмақпен соғысты былай қойғанда, онсыз да жерге сыймай қысқа күнде қырық шабысатын көршілес ел – Матай мен Тобықтының арасына бітпес дау әкеліп отырған екі тентекті шарасыз Кеңгірбай ұстап береді. Елінің тыныштығы үшін батырын оққа байлайды. Бұл арада Кеңгірбай жеке бастың мүддесінен ел тыныштығын жоғары қоя білген ел қамқоры, ағайынның панасы. Шәкәрім позициясы, ол – заманын айыптаушы.

Әншейін әңгіме деп құлақ салма,
Құр ғана қызығы мен қызын алма.
Ғаділ-залым, шафхатлы-мейірімсіз
Соларды айыра алмай, қапы қалма, – деп ескертеді поэма соңында.

Ал, Мағауия шығармасына Абай тиымының артында жағымсыз бейнеленген Кеңгірбай би образы тұрғаны белгілі. Поэмада Еңлік-Кебек лаңының тууына Кеңгірбайдың екі қылығы себеп болған:

Тобықтыда сол күнде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый.
Айтады қыз еліне бітім жерде:
Әуелі ұстап алып қызыңды тый, – деп, парақор ретінде көрсетсе, екінші себеп:
Жуантаяқ жақсысы Тоқтамыспен,
Кеңгірбай араз еді бірер істен.

Кеңгірбай би – баспасөздегі екі әңгімеде де оқиғаның қайғылы аяқталуына себепкер. «Сонда бүтін Тобықтыдан шыққан төбе би Кеңгірбай айыптыларды Матайға жаза салу үшін беруді тілеп, Тоқтамыс би жоқта қылықты қылды дейді... Кеңгірбай сыртынан Кебекке болысса да, ішінен Кебекті өлтіргенін тәуір көрді дейді, халық оған ауып кетпесін деп... Сөйтіп ақырында Кеңгірбай Кебекті, Еңлікті баласыменен «Не қылсаң ол қылыңдар», – деп берді дейді». Әңгімедегі Кеңгірбайдың әрекеттері Мағауияда бояуы қалыңдатыла берілгені анық. Мағауия биге екі қиянат жасаған. Бірі – қыз қайындарынан пара алды десе, екіншісі – Кебекті алдап қолға түсіріп, өз қолымен өлтіреді. Осы көркемдік қиялын Абай Мағауияға кешпеген сияқты. Шығарманы қайтара жазуға тапсырма алған Шәкәрім Кеңгірбай бейнесін сомдауда өте нәзік жолды ұстанған. Шәкәрім Кеңгірбайының жалғыз кінәсі – қыз жоғалтқан көрші елдің сөзін әу баста құлаққа ілмегендігі.

Қуа-қуа осы сөз анықталды,
Матайлар Тобықтыға кісі салды.
Қыз дегенің немене, білмейміз деп

Тобықты оны елемей жатып алды, – дейді, Шәкәрім поэмада. Оның өзінде қызды іздеуші Матай еліне жауабын дер кезінде бермей, сөзбұйдаға салуы – жорыққа кеткен Тоқтамысты тосуы деп ақтайды автор. Қалған жерде Кеңгірбай шарасыз.

М. Әуезов те пьесада Шәкәрім поэмасының оқиғасын негіз еткен. «Абай жолы» эпопеясында Еңлік-Кебек жырына таласатындардың ішінде Мағауия болмайды. Шәкәрімнің орнына қиялап кіргізген Дәрмен мен Шұбарды Еңлік жырына таластырғанда, Әуезов Мағауияның дәл осы поэмасын жазғанын білмеді емес. Мағауияның «Еңлік-Кебегін» бізге жеткізуші Мұхтардың өзі. «...Образдарды бейнелеуде, өткеннің қараңғылығын сынап көрсетуде, адамгершілік талабын ең үлкен мақсат, арман етіп биік сапада танытуда Мағауияның бұл поэмасы да өз уақытындағы бағалы еңбек болатын» [57], – деп ең алғашқылардың бірі болып Мағауия поэмасына толымды баға берген Әуезов романда Мағауияның Еңлік жырына оқиғаға араластырмауының мәні неде? Абайдың салған тыйымы Әуезов заманында да, одан кейін де ел ішінде әлі мәнін жойған жоқ-тын. Әулиедей сиынған Кеңгірбай бабаның атына ауыр сөз айтқан Мағауияның Еңлік жыры эпопеядан тыс қалды. Мұхтардың пьеса жазуда тек Шәкәрім нұсқасына сүйенуіне де қаншама уақыт өткенмен, тасқа таңбаланғандай болып жаңғырып тұрған Мағауияға жасаған Абай ескертпесі әсер етпеді емес. Ал, ата-баба намысы дегенге жанын салатын қыр қазағының арасына барып (1917 жылы

Әйгерім ауылы Ойқұдықта) ойын көрсетуде Әуезовтің қаншалықты қиындықтарға тап болғанын ғалым Т. Жұртбай «Бесігіңді түзе» еңбегінде екжей-текжейлі жазған болатын. Абайдың айналасында бірнеше ақын бірден қызығушылық танытып жырлаған аса бір тартымды трагедиялық әфсана Әуезовті де баурап, қазақ даласында тың өнердің шымылдығын ашуға итермеледі. Бұл өз алдына ұзақ әңгіме. Біздің айтайық дегеніміз Еңлік-Кебек тақырыбының бастау көзі Абай екенін алғаш айтқан Әуезов еді. «Абай жолына» үңілейік. Шәкірттерін ертіп Еңлік пен Кебек моласының басында тұрып: «Осы жалғыз мола осынау елсіз жотаға пайда болғалы, міне, биыл жүз рет жадырап жаз, кірбең тартып күз кепті. Сол бір ықылымнан бергі көп буындар тіршілігінің үнсіз куәсі – осы мола. Бұл қос мола – ішіне аса бір ауыр сыр бүккен молалар. Шанда бір осы тұсқа соғып өткенде, әлдебір арылмаған қарызым бардай боламын. Ақындық қарызым сияқтанады. Бұнда жатқан бір қыз, бір жігіт. Жігіті Кебек, қызы Еңлік атанушы еді! – деген кезде Абайдың үні ажарланып, машықты қалпына ауысып, қатаң сөйледі» [14], – деген сөздерді Әуезов Абайдың аузына тегін салып отырған жоқ. Абайдың ақындық қарызы өтелді. Шәкірттері өтеді. Мағауия мен Шәкәрімнің соңын ала мүлде бөлек, қазаққа бейтаныс жанрда Әуезовтің өзі Еңлік-Кебекті қайта түлетті.

Шәкәрімнің кейіпкерлері нағыз өмірдің өзінен алынған күрделі бейнелер. Мағауияда Еңлік пен Кебек қаншалықты кіршіксіз ақ болса, Кеңгірбай оларға қарсы тип, соншалықты ұнамсыз. Ал, Шәкәрімнің қыз бен жігітін немесе биді дәл солай етіп бір жағына шығара сала алмайсыз. Бейнелер – нағыз реалистік.

Бірнеше интерпретациялық үлгіге түскен туындыларда ортақ белгілер де жетерлік. Тақырып бірлігі, оқиға ұқсастығы, ондағы кейіпкерлер бейнесінің сомдалуы сияқты негізгі ұқсастықтарды айтпағанда, кейбір жеке құбылыстардың еш өзгермей барлық шығармаларда көрініс табуы Абай айналасындағы шығармашылық бірліктің көрсеткіші бола алады. Әңгімеде «... ұзын бойлы, ақ киіктей, шашы қарғаның қанатындай қара, маңдайы жазық, көзі қара һәм өткір» боп келетін қыз бейнесі Мағауияда «Биік қабақ, ақ сұрлау, қара қасты», – деп суреттелсе, Шәкәрім «Ажалың биік қабақ, сұрлау қыздан», – деп Нысан абыздың аузына осы сөзді салады. Тіпті дәл осы деталь «Сұңғақ бойлы, биік қабақ, сұрлау қыздан ажалың бар», – деп М. Әуезов трагедиясында да өзгермеген күйде алынған. Биік қабақ, сұрлау қыз – тек Еңліктің портреті емес, Кебектің ажалын жұмбақтап тұрған символ.

Екінші ортақ дүние қос мұңлықтан қалған бала. Әңгіменің 1892 жылғы өңделген нұсқасында далада қалған бала жылап өлсе, 1900 жылы басылған әңгімеде Матайлар баланы да өлтіреді. Мағауия Кеңгірбай тобын қаралап:

Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты.
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен
Деседі бір күн бойы жылап жатты, – десе, осы өлең мәнерін бұзбаған Шәкәрім:
Надан жұрттың болады діні қатты,
Қабекеңе тапсырмай аманатты.
Шеткі Ақшоқы басында қалған бала

Шырқырап күн батқанша жылап жатты, – деп жағдайды авторлық позициясына орайлап бұрып әкетеді. Еңлік пен Кебектен Ермек атты бала қалыпты-мыс. Бұл туралы ел аузынан жеткен дастан да бар. Ол бөлек әңгіме.

Еңлік-Кебек – Абай айналасында үлкен қызығушылықпен қолға алынып, ақын шәкірттердің жарыса поэма етіп жазған сол кездегі ел аузында жүрген тарихи оқиғалардың елеулісі. Халықтың өткен тарихын танып-білу ғана емес, сол асыл қазынаны кейінгіге жеткізуді мұрат еткен Абай өзі де қатысып, шәкірттеріне де тапсырма беріп, бұл тақырыпқа қайта айналып соға берген. Ел аузында алуан түрлі боп айтылатын аңыз-ақиқаты аралас әңгіменің шәкіртері тарапынан жырланғанда халыққа дұрыс жетуіне аса мән берген. Тек екі жастың сүйіспеншілік сезімін басты назарға алған Мағауия жырына тұсау салғанда, орта қалай қабылдайды, оқырман не дейді, – деген күдікті Абай алдымен ойлаған-ды. Орыстандырудың астыртын саясаты қаймағы бұзылмаған қазақы билікті ығыстырып, орыс

заңына бағына бастаған елдің кешегі әділеттің ақ туын жықпаған билері мен шешендерін үлгі ету еді – Абайдың арғы ойы. Шәкәрім Ұстаз ойын ақтады. Сөз жоқ, ел ішін бүлдіріп ала жаздаған сезімтал Мағауияның поэмасынан кейін, Шәкәрім шығармасының жазылуы Абайдың қатты қадағалауында да болуы ықтимал. Екі жастың трагедиясын жеке адамдардың мүддесінен іздемей, одан терең жатқан ел ішіндегі әлеуметтік қайшылықтардан табады. Бұл тұрғыдан алғанда Шәкәрім ұстаз көңілінен шықты деуге болады.

Абай шығармашылығының әр кезеңдегі қабылдануы мен түсіндірілуі тарихи-идеологиялық жағдайларға байланысты өзгеріп отырған. Зерттеушілер атап көрсеткендей, Абайдың мәдени тұлғасы кейінгі ұрпақтар тарапынан әртүрлі идеялық мақсаттарға сәйкес қайта пайымдалып отырған [15].

Осы тұрғыдан алғанда, Еңлік–Кебек оқиғасының да XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда әртүрлі авторлар шығармашылығында қайта жаңғыртылып, тарихи оқиғадан көркем сюжетке, одан әлеуметтік-философиялық мазмұны терең әдеби туындыға айналуы – әдеби трансформация үдерісінің бір көрінісі.

«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөзінде» әңгіме болып кейіннен Шәкәрім поэма етіп жырлаған оқиға Қалқаман мен Мамырдың оқиғасы. Поэмаға сын айтып, алғаш мақала жазған Ә. Бөкейханұлы: «Рас, біздің қазаққа осы бойымен де, «Қалқаман-Мамыр» айтулы жақсы өлеңнің бірі болар. Бірақ «көп бергеннен көп сұралады» деген. Мұны Шәкәрімнен көп сұрап жаздым» [16], – деген биік талаптың артында Шәкәрімнің ақындық талантын жоғары бағалау жатыр. Шәкәрімнің айтуынша Қалқаман-Мамыр оқиғасы 1722 жылы болған да, осы оқиғаның өткеніне 190 жыл толуына орай «Қалқаман-Мамыр» поэмасын баспадан кітап етіп шығарады. Ал, шығарманың жазылуы бұдан да ертерек, «Жолсыз жазаның» алдында жазылғандығын жоғарыда айттық. «Жолсыз жазамен» тақырып ұқсас. Бірақ, «Қалқаман-Мамырда» Шәкәрім алдыңғы шығармадағыдай кеңінен таратып тарихи баянға бармаған. Қалқаманның шыққан тегіне аз аял жасап, бірден негізгі оқиғаға көшеді. «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» әңгімесінде Қалқаманға айып кесуші поэмадағыдай Әнет баба емес, Кеңгірбай болады. Әңгімеге қатысты Халиолла мен Абай десек, олардың бұл оқиғаны, яғни Қалқаманға билік айтқан Әнет баба екенін білмеуі мүмкін емес. Солай бола тұрғанмен, ел арасындағы түпкі идеясы бауырлас екі оқиғаның да шешімін бір адамның қолына ұстатуы мүмкін, қазақ билерінің бәрін қатігез, өз бауырын өлімге қия беретін шетінен безбүйрек етіп көрсетуді Халиолла, Абайлар қош көрмеді ме екен. Әйтеуір Халиолла мен Абайдың қаламы тиді, Шәкәрімнің қатысы бар деген әңгімеде екі жұптың да қайғы-қасіретін Кеңгірбай биге арқалатқан. Әнет баба туралы ештеңе айтылмайды. Ал, поэмада Қалқаман-Мамыр дауының ортасында Әнет бабаң жүреді. Әнет Кішікұлы шамамен 1623-1723 жылдары өмір сүрген.

Әнет бабаң Арғынның ел ағасы,
Әрі би, әрі молла ғұлымасы.
Орта жүзге үлгі айтқан әділ екен
Сол кезде тоқсан беске келген жасы, – деген Шәкәрімнің сөздері тарихтан алшақ кетпейді. Орта жүз сөзіне құлақ асқан Әнет бабаңның Қалқаман мен Мамырға ара түсе алмауының себебі не? Оның түп-төркіні тағы да қазақтың ескі салт-санасына жетелейді. Кебек алып қашқан Еңлік біреудің атастырылып қойған қалыңдығы болса, Қалқаман мен Мамырдың кінәсі одан да ауыр.

Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты әзір,
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір, – деп өрекпіген Мамыр қыздың аузына өлім түсуінің өзі содан.

Мамыр-ау, айтып тұрсың әлденені,
Шариғат қосады екен немерені, – деп Қалқаманның басу айтатыны бар. Поэманың екінші бір тұсында:

Мамыр-ау, мені сүйсең, кетпе жатқа,
Құдайға хақ, сөзім жөн шариғатқа.

Басы Бабаң, аяғы шала молда

Бәріне анық, оқыған жамиғатқа, – деп Қалқаман шариғатты тағы алға тарта сөйлейді. Автор бұл арада жастар жағында. Ақынның «Мұсылмандық шарты» еңбегінің «Қатын қылып алуға шариғат қоспайтындар» деген бөлімінде: «Есебі екеуі де немере болса шариғат қосады» [17], – деп жазды. Олай болса Мәмбетейлердің басшысы Көкенай батырдың ширығып, Әнет бабаның «бітімсіз іс кез болып қалар ма екен», – деп қобалжуының сыры неде? Ол кезде бір-бірінен қыз алысып, қыз беріспеген аз ғана ру Тобықтының бір атасы Сары батырдан барып қосылады қыз бен жігіттің ныспысы. Тарататын болсақ, Сары батырдың бәйбішесінен Кішік, Кішіктің тоқалынан Әйтек, Әйтектің тоқалынан Байбөрі, одан Қалқаман. Кішік пен Мәмбетей бірге туады. Мәмбетейден Байғазы бай, Байғазының қызы Мамыр. Қазақ жеті атаға жетпей қыз алмаған. Шариғат қосқанмен, таза қанды ұрпақ өсіру үшін жеті атаға дейін қосылмауды қатаң сақтаған бабалар әдет-ғұрпына қылау түсіру – кешірілмейтін іс. Көкенайдың қарындасы Мамырды өлімге қиып, Әнет бабаның өз туысы Қалқаманды оққа байлаған шарасыз қарекеті қашаннан қылшығы бұзылмай келе жатқан ата-баба салтының беріктігінен болса керек.

Айттырылған жері бар Еңлік пен Кебектің қосылып қашуы қазақ үшін үйреншікті іс болғанмен, Қалқаман мен Мамырдың жазасы әуел бастан ауыр-тын. Аяқты кеңге салып, істі ушықтырып алған, бәлкім Тоқтамыспен бақталасып жасағаны ол жағы нақты анық емес Кеңгірбайдың жағдайы мен бұрын-соңды болмаған сұмдықтан Қалқаманды арашалауға еш мүмкіндігі қалмаған Әнет бабаның жайын салыстыруға келмейді. Екі поэмадағы билердің пішініне бақсақ, Кеңгірбайға қарағанда Әнет бабаның образы айқын сомдалған. Тарихи шындыққа жүгінді ме кім білсін, Шәкәрім Әнет бабаны шын жанашыр етіп суреттейді. «Көрсетемін, қайтемін, тыныш жатам» деген Кеңгірбай бидің самарқаулығы жоқ. Алдымен мал беріп бітіспек болған Бабаң, «ел болмай кетісеміз»,- деген Көкенай тобына:

Бабаң айтты: Өлтірер жұмыс емес,
Таспен атып өлтірмек – бұл іс емес.
Біреудің некелісін бұзбаған соң

Қанына ортақ болу дұрыс емес, – деп тоқтау айтады. Дау бұған да ауыздықталмай ұзаққа кетеді. Арада төркіндеп барған Мамырды Көкенай атып өлтіреді де: «Мен тентегімді өлтірдім, ендігі кезек сенікі», – деп Бабаңа кісі салады. «Бір еркек, бір қатынның құнын алсын», – деген Бабаң сөзіне тағы болмайды Көкенай. Қан көрген күшігендей құтырған Көкенай Қалқаманды алып тынбасын білген кәрі би лажсыздан соңғы шешімін айтады. Әнет бабаның асау елмен алысқан осы бір қасіретті шағын Шәкәрім аяулы Абайымен салыстырады да:

Бабаңның нұр жүрегі болды мұздай,
Жазасыз жасқа ешкімнің қаны қызбай.
Мысалы көз алдында тұрған жоқ па

Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай, – деген ақын толғанысының ішінде тентек елді бағудан әбден мезі болған қос дананың қайғы-қасіреті бұғып жатыр. Қалқаман да:

Ей, жұртым, мен өлемін, сендер қалдың,
Орнына бауыздадың айтқан малдың.
Өз бауырын оққа байлап өлтірді деп

Қалдыңдар обалына мына шалдың, – деп, Әнет бабаны емес, өзіне ара түспеген елін кінәлайды. Көкенайдың тартқан жебесінен аман қалғанмен, еліне өкпелеп, нағашы жұртына Бұхар жаққа кетеді. «Батыр Қалқаман нағашы жұртында абройлы адам болып ел құрметіне бөленеді. Қалқаманның ұрпақтары өсіп-өніп Үйсін Шапыраштың ішінде Айқым-Қалқаман Тобықты атанады» [17]. Шәкәрім көзі тірісінде Қалқаманның ұрпақтарымен байланыс жасаған да. Шығармасының соңында:

Хан Шыңғыс деген тауда тұрмыз біз де,
Егер де іздесеңдер, сонан ізде.
Тобықтыда Құнанбай қажы десе

Басты кісі – біледі Орта жүзде, – деп туыстарына іздеу салады. Шәкәрім заманында тағдырдың айдауымен шетке кеткен туыстармен байланыс та орнаған. «Қалқаман руының сол кездегі үлкені Құдайберген қажы дегенге елге қайтыңыз деп шақырған туыстарына қажы:

- Көп туысымызға шақыра келгенің жақсы. Ал, дәм жазып баруымыз одан да жақсы болмақ. Сапар сәті түсіп бара қалсақ, кімді іздеп барамыз дейміз? Ол айқын ғой десек, кімнің үйіне ат басын тірегеніміз жөн болады? – депті.

- Шәкәрім қажы бар емес пе?- дегендерге, Құдайберген ойланып отырып:

- Е, е, е! Онда таяу уақытта біз бармайды екенбіз. Ертеде атамыз Қалқаман бәйбіше баласы Олжай ызғарымен туысынан кеткен. Тағы да барып Олжайға тәуелді болуымыз келіспес. Дәм бұйырып, Алла жазғандай заман болса, ол келешек ұрпақ ісі болсын, – деп қайырған екен» [8]. Осы арада бір көңіл бөлетін нәрсе, Қалқаман да, оның ұрпақтары да кінәні өз туысы Олжайдан көреді. Поэмадағы автор ұстанымы да осыған жақын. Екі жасқа үкім кескен Көкенай да, еріксіз өз бауырын оққа байлаған Әнет баба да емес, солардың артында тұған есер көп шуылдақ.

Ел қылып Тобықтыны тұра алмаймын,
Ешкіммен ойнап-күліп жүре алмаймын.
Өлерде аямады, қайда аяйды

Сендерге енді мойын бұра алмаймын, – деп өкпесі қара қазандай Қалқаманның елінен безінуі де содан. Тобықтының жігіттері Кебекті ұстап беруге қарсы болатыны бар «Жолсыз жазада». Ал, Қалқаманды құтқаруға келгенде көп Олжайдан ондай қимыл шықпайды. Көкенай да жалғыз емес, артында шулаған Мәмбетей, одан қалса тамам Арғын тұр. Көпке топырақ шаша алмайсың. Дәстүрден аттаған екі тентекке де қатал үкім шығарған және оны орындатушы сол көп болып шығады. «Ар сүймейтін іс қылған» Қодарды атанға асып өлтіретін Құнанбай емес, мырзаның қасындағы көп.

Шәкәрім поэмаларындағы осындай ұқсас шешімдер жалпы тақырып таңдаудағы автордың идеялық бірлігіне алып келеді. «Жолсыз жаза», «Қалқаман-Мамыр» және соңғы тілге тиек еткен «Қодардың өлімі» поэмаларын біріктіріп тұрған дүние бар, ол – қазақтың әдет-салтын бұзғандарға ең ауыр жаза кескен елдің бет-бейнесін шынайы қалыпта жеткізу. Шәкәрім бұл арада белгілі бір мақсат қойған. Қазақта аса сирек кездесетін өлім жазасына кесудің ең сұрапыл мысалдары әр заманда Тобықты елінде болған екен. Әнет баба, Кеңгірбай би, Құнанбай аузымен айтылған қатал үкім көп жылдар ел есінде сақталып, кезі келген шақтарда Тобықты елінің осы бір қаталдығы басқа елдердің тарапынан сынға алынып та отырды. «Аттың жалы», «түйенің қомы», «садақтың оғы» не? – деп қанды оқиғаны тұспалдаған арты ауыр сауалдар Абайға да қаратыла сан мәрте қойылған. Абайдың жауап қата алмай үнсіз қалатынын ескеріңіз. Кезінде жалғыз Абай емес, Тобықтының сан жүйрігін тосылтқан ата-баба билігінің шектен шыққан қаталдығын Шәкәрім өз тарапынан түсіндіру мақсатында осы үш шығармасын жазған. Жеті атадан қосылмайтын қазақтың заңын аттаған Қалқаман мен Мамырды арашалауға Әнет бабаң шарасыз болса, шабыспаққа сылтау іздеп отырған қалың Найманға қарсы тұра амаған Кеңгірбай Кебекті ат құйрығына байлатады. Қодар мен Қамқаның кінәсі әлгі екеуінен де ауыр еді. Келінімен жақындасып жын-шайтанның жолына түскен Қодардың қылығы онсыз да орыстың отарлауына түсіп, салт-дәстүрден айырыла бастаған елдің азғын кейпін танытқанды. Елдікті сақтау үшін Құнанбай ессіз кеткен ерінің мойнына арқан салуға мәжбүр болды. Міне, осы шындықты бүркемей жеткізіп, келер ұрпақтың алдында ел панасы болған, сын сағат туғанда елдің бірлігі үшін, болашағы үшін адам айтқысыз қатал үкімге барған қазақтың маңдайына біткен біртуар тұлғаларды сомдаушы Шәкәрім туындылары қашанда шыншыл, қашанда өміршең.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері Еңлік-Кебек оқиғасының қазақ әдебиетіндегі тұрақты әрі көпқырлы көркемдік сюжеттердің бірі ретінде қалыптасып, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әдеби үдерісте әртүрлі жанрлық және авторлық интерпретацияларға ие болғанын көрсетті. Аталған сюжеттің әдеби дамуын жеке шығармалардың мазмұндық ұқсастығы негізінде ғана емес, олардың арасындағы мәтіндік, сюжеттік, идеялық және көркемдік сабақтастық тұрғысынан қарастыру қажет.

Еңлік-Кебек оқиғасының фольклорлық негізі мен тарихи-аңыздық сипаты кейінгі көркем шығармаларда әртүрлі интерпретацияға түскен. Зерттеушілер бұл сюжеттің бастапқыда нақты оқиға немесе жергілікті топонимдік аңыз ретінде қалыптасып, ауызша және эпикалық дәстүр арқылы таралған болуы мүмкін екенін атап көрсетеді [19].

Мағауия Абайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын салыстыру олардың бір тарихи оқиғаға сүйене отырып, өзіндік көркемдік және идеялық шешім ұсынғанын дәлелдейді. Мағауия трагедиялық махаббат желісін алдыңғы қатарға шығарса, Шәкәрім оқиғаның әлеуметтік, моральдық және дәстүрлік себептерін кеңірек ашып, жеке адам тағдыры мен қоғамдық ортаның арақатынасын тереңдете түседі. Кейіпкерлер мен билер бейнесіндегі айырмашылықтар да авторлық дүниетаным мен көркемдік ұстанымдардың ерекшелігін айқындайды.

Еңлік-Кебек сюжетінің М. Әуезов шығармашылығында драмалық жанр деңгейінде қайта игерілуі оның әдеби дәстүр аясында үздіксіз дамып отырғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Еңлік-Кебек тақырыбы Абайдың ақындық мектебіндегі шығармашылық сабақтастықты, тарихи сюжетті көркемдік тұрғыдан қайта пайымдау үдерісін және қазақ әдебиетіндегі интерпретациялық дәстүрдің қалыптасуын зерттеудің маңызды нысаны.

Жалпы алғанда, Еңлік-Кебек сюжетін зерттеу қазақ әдебиетіндегі тарихи аңыздың көркем шығармаға айналу жолдарын, авторлық интерпретацияның ерекшеліктерін және әдеби дәстүрдің ұрпақтан ұрпаққа жалғасу механизмдерін айқындайды. Болашақта аталған шығармалардың қолжазба және алғашқы басылым нұсқаларын салыстыра отырып, мәтінтанулық тұрғыдан кешенді зерттеу жүргізу авторлық және мәтіндік мәселелерді нақтылай түсері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Мағауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 15 желтоқсан.
2. Әдеби мұра: революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар. Құрастырған Ү. Сұбханбердина. – Алматы: Жазушы, 1970. – 132 б.
3. Қазақ турасынан хикая // Дала уалаятының газеті. – 1900. – № 46, 50.
4. Сатбаева Ш. Шакарим Кудайбердиев. – Алматы: Ғылым, 1993. – 116 с.
5. Субханбердина Ү. Дала уалаятының газеті. 5-кітап. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ғылым, 1995. – 216 б.
6. Марғұлан Ә. Ақын туған орта // Жұлдыз. – 1982. – № 4. – Б. 192-199.
7. Халиулла. Киргизское придание // Московская иллюстративная газета. – 1892. – № 274.
8. Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Новосибирск, 2001. – 623 б.
9. Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – Т. 3. – 720 б.
10. Мұхамедханұлы, Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап / Қ. Мұхамедханұлы. – Алматы: Дәуір, 1993. – 224 б.
11. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар / Ш. Құдайбердіұлы; құраст. Х. Сүйіншалиев. – Алматы: Рауан, 1990. – 208 б.
12. Мұхамедханов Қ. «Құдай» деген сөзден құдай сақтасын / Қ. Мұхамедханов // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 17 наурыз.
13. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.
14. Әуезов М. Абай жолы. 2-кітап. – Алматы: Жазушы, 1990. – 624 б.
15. Smagulova A., Yerdembekov B., Magazbekov N., Mursalim G., & Aubakir Z. Memory Trauma and the Making of the New Human: Abai as Cultural Hero // Theory and Practice in Language Studies. – 2026. – Vol. 16, No. 1. – P. 232-241. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1601.25
16. Қыр баласы. Қалқаман-Мамыр. Сын // Қазақ. – 1915. – 22 сәуір. – №121.
17. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 80 б.
18. Жанболатұлы М. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. Т. 2 /. – Алматы: Курсив, 2004. – 424 б.

19. Aryn Y., Baltabayeva Z., Kassen Y., & Suleimenova Z. Narrative of Dispute in Kazakh Folklore: Litigation as a Cultural Concept in Oral and Epic Traditions // Journal of Narrative and Language Studies. – 2025. – Vol. 13, No. 28. – P. 236-249. DOI: https://doi.org/10.59045/nalans.2025.88

References

1. Magauin M. Abaidyn belgisiz angimesi [Abai's Unknown Story] // Qazaq adebieti. – 1989. – December 15. (in Kazakh)
2. Adebi mura: Revolyutsiyadan burynǵy merzimdi baspasoz betinde zhariyalanǵan korkem shygarmalar [Literary Heritage: Fiction Published in Pre-Revolutionary Periodicals]. – Almaty: Zhazushy, 1970. – P. 132. (in Kazakh)
3. Qazaq turasynan hikaya [A Story about the Kazakh People] // Dala Ualayatynyn Gazeti. – 1900. – No. 46, 50. (in Kazakh)
4. Satbayeva Sh. Shakarim Kudaiberdiev [Shakarim Kudaiberdiev]. – Almaty: Gylym, 1993. – 116 p. (in Russian)
5. Subkhanberdina U. Dala Ualayatynyn Gazeti. 5-kitap. Mazmundalgan bibliografiyalyk korsetkish [Dala Ualayatynyn Gazeti. Book 5. Annotated Bibliographic Index]. – Almaty: Gylym, 1995. – 216 p. (in Kazakh)
6. Margulan A. Aqyn tugan orta [The Poet's Native Environment] // Zhuldyz. – 1982. – No. 4. – P. 192-199. (in Kazakh)
7. Khaliulla. Kirgizskoe predanie [Kyrgyz Legend] // Moskovskaya illiustrirovannaya gazeta. – 1892. – No. 274. (in Russian)
8. Isabaev B. Ulylar mekeni [The Land of Great Personalities]. – Novosibirsk, 2001. – 623 p. (in Kazakh)
9. Qazaqstan: Ulttyq entsiklopediya [Kazakhstan: National Encyclopedia]. – Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, 2001. – Vol. 3. – 720 p. (in Kazakh)
10. Mukhamedkhanuly Q. Abaidyn aqyn shakirtteri [Abai's Poet-Disciples]. Book 1. – Almaty: Dauir, 1993. – 224 p. (in Kazakh)
11. Kudaiberdiuly Sh. Olender men poemalar [Poems and Narrative Poems] / Sh. Kudaiberdiuly; compiled by H. Suiinshaliev. – Almaty: Rauan, 1990. – 208 p. (in Kazakh)
12. Mukhamedkhanov Q. «Qudai» degen sozden Qudai saqtasyn [God Save Us from the Word «God»] // Qazaq adebieti. – 1989. – March 17. (in Kazakh)
13. Auezov M. Abai Qunanbaev [Abai Qunanbaev]. – Almaty: Sanat, 1995. – 320 p. [in Kazakh]
14. Auezov M. Abai Zholy. Book 2 [The Path of Abai]. – Almaty: Zhazushy, 1990. – 624 p. (in Kazakh)
15. Smagulova A., Yerdembekov B., Magazbekov N., Mursalim G., & Aubakir Z. Memory Trauma and the Making of the New Human: Abai as Cultural Hero // Theory and Practice in Language Studies. – 2026. – Vol. 16, No. 1. – P. 232-241. DOI: https://doi.org/10.17507/tpls.1601.25
16. Qyr Balasy. Qalqaman-Mamyr. Syn [Qalqaman-Mamyr. Criticism] // Qazaq. – 1915. – April 22. – No. 121.([in Kazakh)
17. Kudaiberdiuly Sh. Musyldandyk sharty [The Muslim Condition]. – Almaty: Kazakhstan, 1993. – 80 p. (in Kazakh)
18. Zhanbolatuly M. Tobyqty-Shyngystau shezhiresi. Vol. 2 [Genealogy of Tobykty-Shyngystau]. – Almaty: Kursiv, 2004. – 424 p. (in Kazakh)
19. Aryn Y., Baltabayeva Z., Kassen Y., & Suleimenova Z. Narrative of Dispute in Kazakh Folklore: Litigation as a Cultural Concept in Oral and Epic Traditions // Journal of Narrative and Language Studies. – 2025. – Vol. 13, No. 28. – P. 236-249. DOI: https://doi.org/10.59045/nalans.2025.88

Б.А. Ердембеков[1], А.Т. Смагулова[2*], O. Söylemez[3]
[1,2]Шәкәрім университет,
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20 А
[3]Kastamonu University,
37150, Турция, г. Кастамону, проспект генерала Атиллы Атыш Паша, 19
[*]ORCID 0000-0002-7509-7025
[*]e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

ПОЭТИЧЕСКАЯ ШКОЛА АБАЯ И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ СЮЖЕТА ЕҢЛИК-КЕБЕК

Аннотация. В статье рассматривается история формирования и художественного развития темы Енлик и Кебек в казахской литературе в контексте творчества Абая и его поэтической школы. Основным объектом исследования является преемственность прозаических и поэтических произведений, созданных в конце XIX – начале XX века на основе сюжета о Енлик и Кебек, а также их сюжетные, идейные и художественные особенности. В частности, в сравнительном аспекте анализируются рассказ «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз», опубликованный в 1892 году в газете «Дала уалаяты газеті» под псевдонимом «Забытый» («Мұтылған»), произведение «Қазақ турасынан хикая», опубликованное в 1900 году, поэма Мағауии Абая «Енлик-Кебек», дастан Шакарима Кудайбердиева «Жолсыз жаза яки кез болған іс», дастан «Калкаман-Мамыр», а также драматическое произведение М. Ауэзова, посвящённое данной теме. В исследовании применены сравнительно-исторический, текстологический, герменевтический и историко-функциональный методы. Рассматриваются текстовые варианты произведений, их языковые и стилевые особенности, авторские позиции и способы создания образов персонажей.

В результате исследования установлено, что сюжет о Енлик и Кебек не ограничивается рамками одного исторического события, а получает различные жанровые и художественные интерпретации в творческой среде Абая. Сопоставляются существующие мнения об авторстве рассказа 1892 года и обосновывается вывод о возможности его первоначального возникновения на основе рассказа Халиоллы и последующей художественной обработки Абаем. Сравниваются особенности изображения события, образов героев и биев в произведениях Магауии и Шакарима, выявляются различия в авторских позициях двух поэтов. Если Магауия изображает трагедию Енлик и Кебек прежде всего с позиций любви и нравственности, то Шакарим широко раскрывает социальные, исторические и традиционные причины трагедии. Вместе с тем показано, что в творчестве М. Ауэзова данный сюжет получает дальнейшее развитие на новом жанровом уровне. Исследование доказывает, что тема Енлик и Кебек является важным научным объектом для изучения творческой преемственности и художественных поисков в рамках поэтической школы Абая.

Ключевые слова: Абай, Енлик-Кебек, Шакарим, Магауия, поэма, литературная традиция, поэтическая школа.

B. Yerdembekov[1], A. Smagulova[2*], O. Soylemez[3]
[1,2]Shakarim University
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glink Str.
[3]Kastamonu University
37150, Türkiye, Kastamonu, Orgeneral Atilla Ateş Paşa Avenue, 19
[*]ORCID 0000-0002-7509-7025
[*]e-mail: akma.2000.2006@mail.ru

ABAI'S POETIC SCHOOL AND THE ARTISTIC TRANSFORMATION OF THE ENLIK-KEBEK NARRATIVE

Abstract. The article examines the history of the formation and artistic development of the Enlik and Kebek theme in Kazakh literature within the context of Abai's creative milieu and his poetic school. The main focus of the study is the continuity between prose and poetic works created in the late nineteenth and early twentieth centuries on the basis of the Enlik-Kebek story, as well as their plot, ideological, and artistic features. In particular, the study provides a comparative analysis of the story «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» («A Story That Has Remained in the Memory of the Kazakhs»), published in 1892 in the newspaper Dala Ualayaty Gazeti under the pseudonym «Forgotten» («Мұтылған»), the work «Қазақ турасынан хикая», published in 1900, Magauiya Abaiuly's poem «Enlik-Kebek», Shakarim Kudaiberdiuly's dastans «Жолсыз жаза яки кез болған іс» («Unjust Punishment or An Incident That Occurred») and «Қалқаман-Мамыр» («Qalqaman-Mamyr»), as well as M. Auezov's dramatic work

devoted to this theme. The study employs comparative-historical, textual, hermeneutic, and historical-functional methods. Particular attention is paid to textual versions of the works, their linguistic and stylistic features, authorial positions, and methods of character representation.

The study demonstrates that the Enlik-Kebek story is not confined to a single historical plot but received diverse genre and artistic interpretations within Abai's creative environment. Different scholarly views concerning the authorship of the 1892 story are compared, and the hypothesis that the story may have originated from a narrative by Khaliolla and subsequently undergone artistic refinement by Abai is substantiated. The study compares the representation of the events, characters, and biys in the works of Magauiya and Shakarim and identifies differences in the authors' artistic positions. While Magauiya portrays the tragedy of Enlik and Kebek primarily from the perspective of love and morality, Shakarim provides a broader interpretation of the social, historical, and traditional causes underlying the tragedy. At the same time, the study demonstrates that M. Auezov further developed this plot at a new generic and artistic level. The research confirms that the Enlik-Kebek theme constitutes an important scholarly subject for understanding creative continuity and artistic exploration within Abai's poetic school.

Keywords: Abai, Enlik-Kebek, Shakarim, Magauiya, poem, literary tradition, poetic school.

Авторлар туралы мәлімет

Ердембеков Бауржан Амангелдіұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: erdembekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0503-4640.

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна* – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7509-7025.

Орхан Сөйлемез, профессор, PhD, Кастамону университеті, Түркия, e-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8382-3173.

Сведения об авторах

Ердембеков Бауржан Амангелдыевич – доктор филологических наук, профессор, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: erdembekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0503-4640.

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна* – кандидат филологических наук, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7509-7025.

Orhan Soylemez – профессор, (PhD), Университет Кастамону, Турция, e-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr, https://orcid.org/0000-0001-8382-3173.

Information about authors

Baurzhan Yerdembekov – doctor of philological sciences, professor, Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, e-mail: erdembekov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0503-4640.

Akmaral Smagulova* – candidate of philological sciences, Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7509-7025.

Orhan Soylemez – Prof. Dr., PhD, Kastamonu University, Türkiye, e-mail: osoylemez@kastamonu.edu.tr, https://orcid.org/0000-0001-8382-3173.

Редакцияға енуі 18.07.2026
Жариялауға қабылданды 25.09.2026